

ХҒТАР 18.41.07

Айгүл Байбек¹, Самал Байханова¹
¹*Қазақ ұлттық өнер университеті*
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ЭТНОСОЛЬФЕДЖИО КУРСЫНДАҒЫ ЖАЗБАША ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ ӘН ӨНЕРІН САҚТАП, ДАМЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Аннотация

Жоғарғы оқу орнындағы *Этносольфеджио курсы* дәстүрлі ән мен аспаптық музыканың материалы негізінде және халық музыканттарын оқыту жүйесі ретінде ауызекі және жазба музыкалық мәдениеттер дәстүрлерін біріктіре отырып, ауызша және жазбаша жұмыс түрлерін қолдану арқылы қазақ дәстүрлі музыкалық тілін меңгеру ғана емес, ең алдымен, дәстүрлі қазақ музыкасының тарихи дамуын, оның қазіргі мәдени контекстегі рөлін ұғыну және оны сақтау, одан әрі дамыту қажеттілігін түсіну үшін негіз қалыптастырады.

Мақала *Этносольфеджио курсы*нда маңызды орын алатын академиялық (еуропалық) *Сольфеджио*мен тікелей байланысты *жұмыстардың жазбаша түрлерін* зерделеуге арналған. Олар заманауи музыкантқа қажет: әндер мен күйлерді нотаға түсіру (хаттау), музыкалық үлгілерді берілген жинақтардан еркін оқу, оларды транспозициялау және ескі жазбаларды талдап, қайта жаңғырту сияқты практикалық дағдыларды қалыптастыруға арналған.

Түйінді сөздер: дәстүрлі ән, түпнұсқалық орындаушылық, этносольфеджио, жазбаша жұмыс түрлері, әндерді сольфеджиолау, жазу (хаттау), транспозициялау, әндерді жаңғырту.

Айгүл Байбек¹, Самал Байханова¹
¹*Казахский Национальный Университет Искусств*
Нур-Султан, Казахстан

ЗНАЧЕНИЕ ПИСЬМЕННЫХ ФОРМ РАБОТ В КУРСЕ ЭТНОСОЛЬФЕДЖИО ДЛЯ СОХРАНЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ТРАДИЦИОННОГО ПЕСЕННОГО ИСКУССТВА

Аннотация

Вузовский курс *Этносольфеджио* на материале как традиционной песенной, так и инструментальной культуры как система обучения народных музыкантов, интегрируя традиции устных и письменных музыкальных культур, через использования различных как устных, так и письменных форм работы способствует не только усвоение казахского традиционного музыкального языка, но и, прежде всего, формирует базу для осмысления исторического развития традиционной казахской музыки, её роли в современных культурных контекстах и понимания необходимости её сохранения и дальнейшего развития.

Статья посвящена освещению *письменных форм работ*, связанных непосредственно с академическим (европейским) *Сольфеджио*, которые занимают значительное место в курсе *Этносольфеджио*. Они призваны формировать такие, необходимые современному музыканту, практические навыки, как нотная запись песен и кюев; свободное чтение с листа нотированных произведений, их транспонирование; анализ и реконструкция старых записей.

Ключевые слова: традиционная песня, аутентичное исполнительство, этносольфеджио, письменные формы работы, сольфеджирование, расшифровка, транспонирование, реконструкция

Aigul Baibek¹, Samal Baikhanova¹
¹*Kazakh National University of Arts*
Nur-Sultan, Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF WRITTEN FORMS OF WORKS IN THE COURSE OF ETNOSOLFEGGIO FOR THE PRESERVATION AND DEVELOPMENT OF TRADITIONAL SONG ART

Abstract

The University course of *Ethnosolfeggio* on the material of both traditional song and instrumental culture as a system of teaching folk musicians, integrating the traditions of oral and written music cultures, through the use of various both oral and written forms of work contributes not only to the assimilation of

the Kazakh traditional musical language, but also, above all, forms the basis for understanding the historical development of traditional Kazakh music, its role in modern cultural contexts and the necessity to preserve it and develop further.

The article is devoted to the coverage of *written forms of work* related directly to the academic (European) Solfeggio, which occupy a significant place in the course on Ethnosolfeggio. They are designed to form the practical skills necessary for a contemporary musician, such as music recording of songs and kyuus; free reading from a sheet of notated works, their transposing; analysis and reconstruction of old records.

Keywords: traditional song, authentic performance, ethnosolfeggio, the written form of the work, decryption, transposition, reconstruction.

Қазіргі кезде жоғарғы музыкалық оқу орындарында *синтезді музыканттың жаңа типін* даярлаудың маңыздылығы күн санап артып келеді. Осындай өнер иесі *қазақтың дәстүрлі музыкалық мәдениетінің негізгі құндылықтарын* кейінгіге жеткізуге міндетті. Сонымен қатар, *ноталық білім мен классикалық еуропалық музыканы игеру* арқылы қол жеткен мүмкіндіктердің арқасында қоғамның қазіргі дамуынан туындап отырған мәдени қызметтердің жаңа бағыттарына бейімделе білуі керек. Бұл оңай емес, өйткені қазіргі мәдениетте әртүрлі музыкалық-стильдік жүйелер мен музыканттың қызмет түрлерінің өзара әрекеттесуі жанданып жатқан уақыт. Еуропалық дәстүрдегі композиторлар өз шығармаларына дәстүрлі музыка туындыларын енгізіп қана қоймай оған халық орындаушыларын қатыстыру үрдісі кең таралуда. Джаз, поп, рок және дәстүрлі музыканттардың бірлесе өнер көрсетуі де сирек құбылыс емес. Сонымен қатар, әртүрлі елдердің дәстүрлі орындаушыларының бірігіп өнер көрсету үрдісі де жаһандық сипат алып отыр. Сөйтіп, халық орындаушылары осы үрдістердің шырғауында қалып отырған жағдайда білім беру жүйесі *дәстүрлі музыканың рухани құндылықтарын трансляциялау арқылы байырғы түпнұсқалық орындаушылық дәстүрді бүгінгіге жеткізуші болып шығуын ойластыру керек*. Бұл орайда *түпнұсқалық орындаушылық (аутентикалық орындаушылық!)* дегеніміз орындалатын музыканың авторлық мақсаты мен көркемдік бейнесін дәл жеткізіп қою ғана емес, орындаушылық пен шеберліктің жоғары зиялылық деңгейі де түпнұсқалық болып табылатынын ұғыну керек. Қазіргі кезде *дәстүрлі түпнұсқалық орындаушылықтың рухын қайта жаңғырту қажеттілігі өзекті* болып отыр. Орындаушылықтың түпнұсқалық дәстүрін жалғастырып, дәстүрлі музыка мәдениетінің эстетикалық және моральдық-этикалық тұрғыдағы базалық құндылықтарын келешекке жеткізуге уақыт қызмет етеді. Сонымен қатар, ноталық сауаттылық пен классикалық еуропалық музыканы меңгеру арқылы қол жеткізілген мүмкіндіктерді пайдаланып, жаһандық деңгейдегі алуан түрлі музыкалық-стильдік жүйелер белсенді түрде өзара әрекетке түсіп жатқан заманауи мәдени қызметтің сан қилы түрлері мен формаларына бейімделе алатын орындаушы даярлауды табандылықпен талап етіп отыр [1].

Осы орайда, дәстүрлі музыкаға негізделіп дайындалған тарихи-теориялық және практикалық пәндер қарастырылған білім жүйесі арқылы қазіргі музыканттар жеке орындаудың маңыздылығын ғана емес, өзінің болашақ кәсіби қызметінің де мақсатын толық түсіне алатыны сөзсіз. Жалпы, қазір әртүрлі елдердің заманауи педагогикалық тәжірибесінде музыкалық ойдың ұлттық қағидаларын бағдар тұтқан музыкалық-теориялық кешенді пәндерді оқыту ағымы жанданып келеді. Халық орындаушыларын оқыту жүйесіндегі ұлттық музыка өнеріне негізделген кешенді (теориялық-практикалық) курстың халықаралық атауы – «*Этносольфеджио*» [2].

Бүгінгі күні халықтың музыкалық тәжірибесінде ғасырлар бойы қалыптасқан және осы өнердің дәстүрлі музыкалық-стильдік өлшемдерімен тікелей байланысты *орындаушылық жүйені трансляциялау арқылы дәстүрлі музыканы сақтап қалу және дамыту тұрғысынан Этносольфеджио курсының маңызы зор*. Дәстүрлі кәсіпқойлықты өмірге келтірген ортаның өзі эволюцияға ұшыраған қазіргі жаһандану заманында осындай «сақтау мен дамыту» мақсаттары дәстүрлі музыкалық стильдердің (осы жұмыс шеңберінде ән стилінің) негізін теориялық тұрғыдан сезінуді және оларды музыкалық-теориялық және

практикалық курстарда, бірінші кезекте, Этносольфеджио пәнінде қалпына келтіруді талап етеді.

Сөйтіп, ән мәдениетіне негізделген этносольфеджио курсы *ауызекі және жазба музыкалық мәдениеттердің дәстүрлерін* халық әншілеріне білім беру жүйесінде біріктіріп отыр. Этносольфеджио пәнін оқыту барысында теориялық, практикалық және мәдениеттану аспектілерінің байланысы арқылы, сондай-ақ ауызша және жазбаша жұмыс түрлерін қолдану арқылы, ең алдымен, қазақтың дәстүрлі музыкалық тілін меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар оның тарихи дамуын пайымдау, заманауи мәдени контекстегі маңыздылығын сол күйі сақтап және дамыту қажеттігін түсіну үшін база құрылуда. ***Этносольфеджио пәнінде жазба және ауызекі мәдениеттер дәстүрлерін интеграциялау*** арқылы оқытып, тәрбиелеу мәдени контекстінің өзгеруіне және тыңдаушылардың заманауи талаптарына икемділікпен жауап бере алатын қабілетті музыканттарды дайындаудың ең оңтайлы тәсілі болып отырғаны белгілі.

Мақаланың аясында көтеріліп отырған мәселе бойынша, Этносольфеджио курсы жазба музыкалық мәдениетінен туындаған, еуропалық сольфеджиомен тікелей байланысты ***жазбаша жұмыс түрлері*** ауызекі жұмыс түрлерімен қатар елеулі орынға ие екені белгілі. Себебі, курстың басты міндеттері фольклорлық және ауызекі-кәсіби әндердің стильдік айырмашылықтарын білуден, студенттердің аналитикалық ойлау қабілетін қалыптастырудан, дәстүрлі үлгілердің құрылымдық ерекшеліктерін талдау дағдыларын меңгеруден, музыкалық суырып салудың ерекшеліктерін зерделеуден ғана тұрмайды, бірінші кезекте, ***нотамен оқу және жазу (хаттау) дағдыларын еркін меңгеруді, студенттердің жинақтардағы дәстүрлі әнді домбыраның бұрауына сәйкес транспозициялау дағдыларын үйренуді және бұрын шығарылған әндерді қалпына келтіріп жаңғыртуды қамтиды.***

Жазба дәстүрге байланысты жұмыс түрлерінің арасында, әсіресе *әндерді домбыраның «ре-соль» бұрауына сәйкес тасымалдап айту (транспонирование)* және *бұрынғы әндерді қалпына келтіріп, жаңғырту (реконструкция)* маңызды орын алады. Бұл жерде әңгіме ән жинақтаудың алғашқы кезеңінде жарық көрген музыкалық үлгілер туралы болып отыр: дыбыс жазатын техниканың жоқ кезінде жазылып алынған (А.Затаевич, Б.Ерзакович, А.Жұбанов), немесе ән жинақтаушы қазақ тілін меңгермеген және аудармашының көмегіне жүгінуге мүмкіншілігі болмаған (А.Затаевич). Жинақтағы әндердің құндылығын әділ бағалай отырып, музыкатанушылардың бұл үлгілерді өздерінің теориялық-аналитикалық зерттеулері үшін қайта өңдеп, оларға нағыз сындарлы бет-бейне беріп қойғаны белгілі. Ертеректе жарық көрген әндердің жазба түрін редакциялау және қайта жаңғырту курста меңгерген әнді ауызша қабылдай алу мен әннің ноталық мәтінін талдай білу дағдыларының негізінде іске асады. Дәстүрлі әндерді домбыра бұрауына сәйкес тасымалдау, бір жұмыс формасы ретінде, студенттердің өз ән қорын жинақтарда жарық көрген сирек кездесетін (аутентикалық!) фольклорлық және ауызекі-кәсіби ән үлгілерімен толықтыруларына мүмкіндік туғызады. Бұл жұмыс түрін Этносольфеджио курсына енгізу әнді жаңғыртып қана қоймай, шын мәнінде, Кеңес кезеңінде Б.Ерзакович, Т.Бекхожина, А.Темірбекова, Г.Бәйтенова сынды танымал музыкатанушылар жазып алған, бірақ көп жылдар бойы жатып қалған, сирек кездесетін бірегей әндердің концерттік тәжірибеде қайта жандануына себепші болатыны сөзсіз.

Ал, енді Этносольфеджио курсындағы жоғарыда аталған жазбаша жұмыс түрлеріне толығырақ тоқталсақ [3]. Курс басталған сәттен-ақ дәстүрлі музыканы (мақала аясында дәстүрлі әндер тиек етілген) ***нотаға түсіру (хаттау) дағдыларын қалыптастыру*** дәйектілікпен жүргізіледі. Әуелі шығарманың шағын үзінділерін, кейінірек ірі бөлімдерін жазып үйренеді, курстың соңына қарай музыкалық мәтінді саналы және қисынды қабылдау дағдысы қалыптасып, студенттер оны нотаға тез әрі сапалы түрде түсіре алатын болады.

Жалпы дәстүрлі музыкалық материалды (қай жанр болсын – күй, ән, жыр орындаушылардың өздері нотаға түсіру (хаттау) үрдісі тарихи уақыттың елегінен өткені белгілі және Этносольфеджио пәнінің құрылу тарихымен тікелей байланысты. Мәселен, 70-ші жылдардағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының халық

музыканттарын оқыту үрдісіне дәстүрлі мәдени құндылықтарды бейімдеу кезеңі, сол кезде қалыптасқан жазбаша білім беру жүйесі шеңберінде ауызекі дәстүрдегі кәсіпқойларды (студенттердің басым бөлігі, бүгінгі күні белгілі А.Жайымов, А.Тоқтағанов, А.Райымбергенов сынды күйшілер болатын) еуропалық үлгідегі сольфеджио пәнін оқытуда «жаңа» әдістемелерін іздестіру жүріп жатқан еді. Бұл эксперименттік жұмыс болатын. Бірінші кезекте, халық музыканттарына арнап мамандандырылған сольфеджио курсы құру – басты міндет болды. Ол: музыкалық тілдің «грамматикасын» қалыптастыру, яғни оның негіздері мен құрылымын жүйелі түрде теориялық тұрғыдан сипаттап беру және кәсіпқойлық пен әуесқойлықты ажыратып тұратын белгі – музыкалық тілді саналы түрде меңгеру талаптарымен байланысты болды. Халық музыканттарын оқыту жүйесіндегі қайшылықтарды, атап айтқанда, дәстүрлі мәдениеттің мәнді бастауларын білім берудің европаландырылған жүйесіне бейімдеу мәселесін терең сезінген Алматы консерваториясының «Гармония және сольфеджио» кафедрасының оқытушысы, **музыкатанушы-реформатор, күйші Бақдәулет Аманов** 1973 жылдан бастап «Халық аспатары» факультетінің студенттерімен сыныптан тыс кураторлық жұмыс кезінде домбырашыларға арнап жаңа сольфеджио курсы жүргізе бастады. Кейінірек «Этносольфеджио» деп аталатын пәннің мақсаттары мен міндеттері еуропалық сольфеджио курсындағыдай кәсіби музыкалық ойлауды қалыптастыру, есту және жадында сақтау қабілеттерін дамыту болатын. Алайда, мәселе қазақ музыкасының кәсіпқой орындаушыларына қатысты болғандықтан пәннің басты материалы да дәстүрлі қазақ музыкасы болды. Нәтижесінде, қазақ музыка мәдениетінің жаңашыл-зерттеушілері А.Мұхамбетова, С.Райымбергенова, С.Өтеғалиева және Г.Омарова сынды оқытушылардың тұтас бір тобының күш-жігерімен аспаптық музыка саласында жаңа курс ашылды, ол «Домбырашыларға арналған эксперименттік сольфеджио» деп аталды. Сөйтіп, күйші, әрі музыкатанушы Б.Аманов пен оның музыкатанушы ізбасарларының ғылыми-педагогикалық идеялары Этносольфеджио пәнді оқытудың әдістемелік тірегіне айналды [4].

Жалпы, алғашқыда орындаушылардың өздерінің күйлерді нотаға түсіріп жинақ дайындауы олардың репертуарын кеңейту мақсатымын тығыз байланысты болды. Сөйтіп, музыкалық білім берудің заманауи жүйесін дамытудың алғашқы онжылдықтарында (XX ғасырдың 40-60-шы жылдары) консерватория түлектерінің (күйшілер!) оқу репертуары да, осыған байланысты концерттік репертуары да едәуір шектеулі болатын. Олардың репертуарын Батыс Қазақстан өңірінде кең таралған төкпе күйлер құрады. Оқыту барысында, негізінен, А.Жұбанов нотаға түсірген Құрманғазы мен Дәулеткерейдің күйлері пайдаланылып келді. Сол жылдары консерватория бітірген домбырашылар күйді нотаға түсіруге келгенде қатты қиналатын. Нота сауаттылығын жете меңгергендер домбырашылардың арасында сирек кездесетін. Өйткені, бүкілодақтық біркелкілендірілген бағдарлама бойынша еуропалық музыкаға негізделген сольфеджио пәнінде студенттер күйлерді нотаға түсіру дағдыларына машықтанбаған болатын. Бағдарлама фортепианода ойналатын еуропалық музыканың заңдылықтарын (грамматикасын) үйренуге бағытталғандықтан, дәстүрлі қазақ музыкасын талдау тұрғысынан есту дағдылары да, жазбаша нотаға түсіру дағдылары да қалыптаспаған.

1970 жылдары репертуар біртіндеп байытыла бастады, домбырашыларды оқыту бағдарламасына Арқаның шертпе күйлері енгізілді, кейіннен Қаратау, Маңғыстау және Қазақстанның басқа өңірлеріндегі мектептердің күйлері қосылды. Қазіргі оқыту жүйесінде барлық негізгі күйшілік мектептерінің репертуары қамтылған. Бұған 70-80-ші жылдары Алматы консерваториясында тәлім алған күйшілер (Қ.Ахмедияров, А.Жайымов, А.Тоқтағанов, Б.Ысқақов, А.Райымбергенов және басқалар) құрастырған жаңа күй жинақтарының жаппай жариялануы арқылы қол жеткізілді. Этносольфеджио курсынан өткен қазіргі домбырашылар күйлерді нотаға түсіре алатын маңызды дағдыларға машықтанған. Күйлерді нотаға түсірумен шұғылданатын 90-шы жылдар түлектерінің арасынан Б.Мүптекеев, Е.Тұңғышұлы, Е.Нұрымбетов, К.Жұмағалиев, С.Садықов, Б.Игілік, М.Әбуғазы, Г.Ахмедияров және т.б. домбырашыларды атап өтер едік. Осы шаралар оқу үрдісіндегі дәстүрлі репертуарды кеңейтуге, концерттік бағдарламаларды байытуға елеулі

ықпал етті. Кейіннен зерттеушілік жұмыстарына араласқан Т.Тоғжанов, Б. Муптекеев, М.Әбуғазы сияқты күйші тұлғалар ән және жыр өнерінің үлгілерімен нотаға түсіру жұмыстарымен тығыз айналыса бастады. Соңғы онжылдықтарда дәстүрлі музыканы нотаға түсірумен айналысатын музыканттардың жұмысы ән жинақтарын шығару арқылы жандана түсті, олардың қатарында Этносьольфеджио курсының әнші-түлектері: Б.Бәбіжан, Е.Шүкіман, А.Күзеубай, Т.Құрманғалиев және т.б. тұлғалар. Бүгінгі күні, жыр мақамдарын түсіруде күйші, зерттеуші Төлеп Тоқжановтың еңбегі зор, оның жинақтарында мақамдар домбыраның сүйемелдеуімен берілген. Көптеген жинақтардағы дәстүрлі әндерді сапалы, этномызыкатынуда қалыптасқан нота хаттау заңдылықтарына сәйкес нотаға түсіріп жүрген күйші, зерттеуші Мұрат Әбуғазы. Оның дәстүрлі әндерді түсірудегі орны айырықша. Қазіргі уақытта сапалы жинақтарды ұсынып жүрген әнші, зерттеуші Еркін Шүкіман. Ол дәстүрлі әндерді нотаға түсірумен қатар шығарған еңбектің авторлары туралы тың дерек (өмірбаян мен шығармашылықтарына құрылған мақалалар, естеліктер, сыр-сұхбаттар, фотомұрағат, әндердің шығу тарихтары мен әншілерге арналған арнау өлеңдер) ұсынуда. Кейінгі жылдары да «Халық әні» түлектерінің (әншілер мен жыршылар) ғылыми жұмыстарының нәтижесі ретінде де көптеген жинақтары жарық көріп жатқандары қуантатын жәйт. Ғылыми жұмыспен тікелей байланысты дәстүрлі әндер мен жыр үлгілері домбыраның сүйемелдеуімен түсіріліп, жарық көргені де белгілі [5]. 2018 жылы Этносьольфеджио пәніне арнайы дайындалған, релятивті жүйеде түсірілген «Қазақстан аймақтарының музыкалық фольклоры» (авторлары: Омарова Г., Мырзағалиева Г., Омарова Ә.) атты ноталық жинақты ерекше атауға болады.

Сөйтіп, мақалымыздың аясында халық әншілеріне арналған Этносьольфеджио курсының бірінші жұмыс түрі – орындаушылардың дәстүрлі әндерді нотаға түсіру (хаттау) болса (көптеген орындаушылар өзінің қызметтеріне сай музыкалық жинақтар жариялауда!), екінші елеулі жұмыс түрі – *әртүрлі жылдары шыққан музыкалық жинақтар мен жұмыс жасау, жинақтардағы берілген дәстүрлі әндерді орындаушылық тәжірибеге енгізу болып табылады*. Бастапқы кезде, **I-кезең** деуге болады, *сьольфеджиолау жұмыс түрі*, яғни орындаушылардың өздерінің жариялаған жинақтардан нотамен оқу болып табылады (бұл туралы жоғарыда жазылып кеткен болатын, дәстүрлі ән мен жырға байланысты бүгінгі күнге дейін шыққан барлық жинақтар тізімін мейілінше толық беруді жөн көрдік). Бастапқыда орындаушылардың өзі дайындаған бұндай жинақтар студент-орындаушыларға нотамен оқығанда қиындық туғызбайтын, өздеріне ыңғайлы да, түсінікті релятивті жүйеге сәйкес, «ре-сьоль» бұрауында түсірілген. Осыған орай, домбыраға арналған күй жазбалары А.Жұбановтың заманынан бері релятивті жүйеде, домбыраның *ре-сьоль* қатарында жазылып келгенін де ұмытпаған жөн. Ол кезде оркестр талабына байланысты солай істеуге тура келді. Қазіргі кезде әнді домбыра сүйемелдеуімен орындау үшін студенттер транспозициялауды меңгеруде, нәтижесінде 24 тональды температуралық жүйедегі музыкалық үлгілерді релятивті жазба жүйесіне тасымалдауға мүмкіндік туды.

Сөйтіп, *музыкалық үлгілерді домбыра бұрауына сәйкес транспозициялау жұмыс түрі* Этносьольфеджио курсындағы **II-кезеңге** жатады және жұмыстың дербес формасы ретінде елеулі орын алады. Курста ұсынылған бұндай музыкалық-этнографиялық жинақтарда музыкалық үлгілердің бәрі дерлік домбыра бұрауын ескермей нотаға түсірілген. Қазақстандық музыкатанушылардың экспедициялық материал ретінде ұсынылған музыкалық үлгілерінің әуендері дыбысталудың абсолютті биіктігі бойынша жазылған. Жалпы, Этносьольфеджио курсына қолданылатын фольклор және ауызекі-кәсіби ән мәдениеті үлгілерінің жинақтары (мақалада тек қана фольклорлық үлгілерге байланысты жинақтарды беріп отырмыз, ал ауызекі-кәсіби авторлық әндер ұсынылған тізімге кірмеді. Этносьольфеджио курсына ұсынылатын Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай және т.б. классик әнші-композиторлардың үлгілері жүйеленген жинақтарды дайындаған Қайролла Жүзбасов пен Зейнур Қоспақовтың еңбектері орасан зор!) баршылық [6]. Бұл жинақтағы үлгілердің басым көпшілігін халық әншілері орындамаған, сондықтан *Этносьольфеджио курсының басты міндеттерінің бірі – әндерді домбыра бұрауына сәйкес транспозициялау және сол арқылы оларды жаңғырту*.

Ән материалына негізделген Этносьольфеджио курсына музыкалық-этнографиялық жинақтардағы мажор тональдығындағы музыкалық үлгілердің көпшілігі Соль мажор және Ре мажорға (домбыраның соль-ре мен ре-ля ладтық тіректері), ал минор тональдығындағы үлгілер ля минор және ре минорға (домбыраның ля-ми и ре-ля ладтық тіректерінде) транспозицияланады. Бастапқы кезеңде транспозицияға арналған музыкалық материал ретінде халық әндерінің үлгілерін пайдалануға болады. Келесі жұмыстар ауызекі-кәсіби әндердің стильдік үлгілерімен тығыз байланысты.

Музыкалық үлгілерді домбыраның «ре-соль» бұрауына тасымалдау үшін төмендегі жұмыстарды рет-ретімен жүзеге асыру керек:

- 1) музыкалық үлгінің тональдығын және транспозицияланған тональдыққа дейінгі аралықты анықтау;
- 2) ән нотасы редакциялау: тактілерді дұрыс орналастыру, мәтіндегі элизия тәсіліне назар аудару;
- 3) әннің композициялық құрылымын талдау;
- 4) әнді домбыра бұрауына сәйкес тасымалдап, үлгіні нотамен айту;
- 5) әнді мәтінімен орындау.

Транспозициялау қағидаларын меңгеру – студенттердің өз репертуарын орындалмай жүрген фольклорлық және ауызекі-кәсіби үлгілермен толтыруына мүмкіндік туғызады. Бұл жұмыс түрі студенттердің өздерінің және оқытушылардың да қызығушылығын тудырады. Сыныптағы студенттер бір-бірінің дайын, көркемделген әндерін (үй тапсырмасы) сынау арқылы талдайды және әндердің үздік интерпретациясына баға береді, әннің үздік нұсқасы марапатталады. Олардың ішінен ең тартымдылары концерттік аудиторияға ұсынылады. Сөйтіп, жұмыс түрінің бірі ретінде транспозициялау студенттерге өздерінің ән қорын жинақтарда жарияланған және айтылмай жүрген фольклорлық және ауызекі-кәсіби әндермен толықтыруға жол ашады. Сонымен қатар, сонау кеңес кезеңінде көрнекті музыкатанушылар жазып алған (классикалық жазба), бірақ ұзақ уақыт бойы «өлі жүк» болып жатып қалған сирек те, бірегей әндерді концерттік тәжірибеде қайта жаңғыртуға жағдай жасалады.

Этносьольфеджио курсына музыкалық жинақтармен жұмыс жасаудың *III-кезеңі* – *дәстүрлі әндерді жаңғырту* болып табылады, ол *А.Затаевич жазып алған қазақ әндерінің аса бай ән үлгілерін қалпына келтіру*. Жұмыстың бұл түрін енгізуге деген қажеттілік фольклористердің, дәстүрлі мәдениетті жалғастырушылардың А.Затаевичтің ел арасынан жинаған «Қазақ халқының 1000 әні» және «Қазақтың 500 ән-күйі» [7] жинақтарына жете көңіл бөлмеуі салдарынан туындады, ішінара болмаса әндердің көпшілігі поэтикалық мәтінсіз жазылған. 2007 жылы М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты А.Затаевичтің «Қазақтың 500 ән-күйі» жинағын қайтадан басып шығарды. Аталмыш жинақта ғалымдар З.Жанұзақова, К.Жүзбасов, З.Қоспақов, Т.Сарыбаев әндерді ғылыми қалпына келтіру жұмысын жүргізген болатын: күйлер домбыраның «ре-соль» бұрауына ауыстырылып, әндердің бәріне мәтіндер жинастырылды. Сөйтіп, бұл еңбек әндер мен күйлердің нотаға түсірілген жазбасын өлшемдік-ырғақтық тұрғыдан қалпына келтіру мақсатында жүргізілген аса ауқымды жұмыс болды [7]. Консерваторияның Е.Шүкіман мен Т.Тоқжан сынды белді оқытушылары өздерінің А.Затаевичтің жинақтарындағы ауызекі-кәсіби әндер мен күйлерді жаңғыртуда елеулі еңбек етіп жүргені белгілі, оған күе олардың жарияланған мақаласы мен еңбегі [9, 10]. Ал, Этносьольфеджио пәнінде әндерді қайтадан қалпына келтіру жұмысы А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағы бойынша жүргізіледі [11, 12].

Өзіндік дедукциялық әдіс деуге тұрарлық әндерді жаңғырту жұмысы студент-орындаушылардан түйсік арқылы сезінумен қатар курста алған теориялық және практикалық білімді де қолдануды талап ететін этносьольфеджио курсының қорытынды жұмыс формаларының бірі. Әндерді жаңғырту барысында, ең алдымен, фольклорлық және ауызекі-кәсіби әндердің формақұру қағидаларын білу, оларды сезіну және дәстүрлі ән шығарудың практикалық тәжірибесі талап етіледі.

Әндерді жаңғырту, яғни «жаңа» ән шығару және оны айтып беру үрдісі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) берілген үлгінің қай жанрға жататынын анықтау (А.Затаевич әндердің атауында келтірілген немесе жинақтағы ескертуде айтылған);

2) әннің әуеніне жалпы құрылымдық талдау жасау (берілген үлгінің фольклорлық немесе ауызекі-кәсіби ән екенін анықтау);

3) әннің құрылымын егжей-тегжейлі қалпына келтіру – әуеннің музыкалық ырғағын анықтау; әннің буындық ырғағын қалпына келтіру; әуеннің әуезділік сәттерін анықтау; жолдар мен бунақтардың шекарасын және қайырма бөлімдердің бар-жоғын айқындау;

4) жанрдың семантикасын және берілген үлгінің поэзиясын ескере отырып, поэтикалық мәтін (7-8 немесе 11 буынды өлең) таңдау.

Жұмыстың бұл түрі Этносольфеджио курсының әрбір тақырыбын бекітіп қана қоймайды, бұл тәжірибе дәстүрлі орындаушыны этнографиялық жинақтармен жұмыс істеуге белсенді түрде тарту үшін қажет, бұл олардың А.Затаевич жазып алған қазақ халқының мол мұрасын қайта жаңғырту мен насихаттау, бұрын орындалмай жүрген, аудиожазбаларда сақталмаған, нотаға толық түсірілмеген «жаңа әндерді» концерттік бағдарламаға енгізу сияқты болашақ жұмыстарына пайдасын тигізеді. Этносольфеджио пәніндегі осы жұмыс түрі шығармашылықты дамытуға бағытталғандықтан студенттердің өздеріне де, қазақ халқының дәстүрлі ән өнерін тыңдаушылар мен бағалаушыларға да қызықты болары сөзсіз.

Сонымен, ауызекі және жазба музыкалық мәдениет дәстүрлерін біріктіретін оқу жүйесі ретіндегі Этносольфеджио курсы дәстүрлі музыкалық мәдениетті сақтап қалуға және дамытуға қызмет етеді. Жаңа үлгідегі синтезді музыка мамандарын тәрбиелеу мен қалыптастыру және бұл мәселелерге дұрыс көзқарас таныту арқылы олардың бойына мәңгілік құндылықтарды сіндіре отырып, дәстүрлі орындаушылардың ақпарат құралдары көмегімен төл мұраны «попсалау» сияқты жаһандандудың келеңсіз процестеріне қарсы тұруына, ал позитивті процестерге (туысқан ауызекі кәсіби мәдениеттерді оқып білу, әлемде қазақ классикалық дәстүрлі музыкасын насихаттау) қатысуға дайын тұруына көмектеседі.

Этносольфеджио курсы жете меңгерген музыканттар орындаушылық және ұстаздық қызметтермен қатар, басқа да іс-әрекеттерде өз қабілеттерін таныта алады:

1) заманауи концерттік тәжірибеде әртүрлі стильдегі дәстүрлі әндерді орындау; нота сауаттылығының негізінде және жаңа әндерді өздігінен үйреніп, қайта жаңғырту дағдыларын меңгеру арқылы орындаушылық репертуарын кеңейту;

2) заманауи этномузыкатану санаты бойынша аналитикалық ойлау дағдыларын игеру, әндерді нотаға түсіре білу, бастапқы кезеңнің толық емес жазбаларын қайтадан қалпына келтіру.

Қорыта айтқанда, ауызекі және жазба мәдениеттер дәстүрлерін интеграциялау арқылы білім беру жүйесі ретінде қалыптастырылған этносольфеджио курсы, бірінші кезекте, ауызекі дәстүрлі мәдениет жөніндегі практикалық, теориялық және тарихи білімді жинақтап қана қоймай, сонымен қатар жазба дәстүріне байланысты қойылатын мәселелерді де ескеруі тиіс. Бүгегі күні, жоғарғы музыкалық білім беру жүйесінде бұрынғы музыкалық мәтінді жаңғырта алатын музыканттарды ғана қалыптастырып қоймай, сонымен қатар дәстүрлі өнердің қазіргі жағдайда дамуының ішкі заңдылықтарын түсінетін және шығармашылық тұрғыдан одан әрі дамыта алатын тұлғаларды тәрбиелеу қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. **Байбек А.** Заманауи музыкалық білім беру жүйесінде ән дәстүрін трансляциялау (Этносольфеджио курсы): Оқу құралы. – Алматы, 2020.
2. **Альпеисова Г.** Этносольфеджио в Казахстане: история, теория и практика. – монография Астана, 2012.

3. Программа курса «Этносольфеджио на традиционном песенном материале» для народных певцов (авторы С.Райымбергенова, А.Байбек) // Трансляция песенной традиции в современном обучении профессиональных музыкантов (курс Этносольфеджио): Учебное пособие. – Алматы, 2020.
4. Программа Этносольфеджио для студентов домбристов народного факультета (авторы Б.Аманов, А.Мухамбетова, С.Райымбергенова, С.Утегалиева, Г.Омарова) // Трансляция песенной традиции в современном обучении профессиональных музыкантов (курс Этносольфеджио): Учебное пособие. – Алматы, 2020.

References (transliterated)

1. **Bajbek A.** Zamanauı muzykalyq bilim beru žüjesinde äñ дәstürin translâciälau (Ètnosol'fedžio kursy): Oқu қuraly. – Алматы, 2020.
2. **Al'peisova G.** Ètnosol'fedžio v Kazahstane: istoriâ, teoriâ i praktika. monografiâ – Astana, 2012.
3. Programma kursa «Ètnosol'fedžio na tradicionnom pesennom materiale» dlâ narodnyh pevcov (avtory S.Rajymbergenova, A.Bajbek) // Translâciâ pesennoj tradicii v sovremennom obučenii professional'nyh muzykantov (kurs Ètnosol'fedžio): Učebnoe posobie. – Алматы, 2020.
4. Programma Ètnosol'fedžio dlâ studentov dombristov narodnogo fakul'teta (avtory B.Amanov, A.Muhambetova, S.Rajymbergenova, S.Utegalieva, G.Omarova) // Translâciâ pesennoj tradicii v sovremennom obučenii professional'nyh muzykantov (kurs Ètnosol'fedžio): Učebnoe posobie. – Алматы, 2020.

Релятивті жүйе бойынша түсірілген дәстүрлі әндер музыкалық жинақтардың шыққан жылдарына байланысты топтастырылған

1. Жетісу әуендері / С.Медубекұлы, Б.Мүптекеев. – Алматы, 1988. – 240 б.;
2. **Бәбіжан Б.** Қазақтың 100 қара өлеңі. – Алматы, 2001;
3. **Тасбергенов Қ., Әбуғазы М.** Сарыарқа әндері. Антология. – Алматы: 2009;
4. Сыр сандық. Қазақ халық әндерінің антологиясы / Құраст.: Қ.Ә.Байбосынов, А.Ж.Нығызбаев, Қ.Х. Айтбаев. – Астана 2016. – 616 б.;
5. Сағынбасқа не шара. Өнші-композитор Тұрсынғазы Рахимовің әндер жинағы. (құраст. Е.Шүкіманов, Т.Сембаев). – Алматы, 2017. – 392 б.;
6. Сұржекей. Өнші Мәдениет Ешекеевтің орындауындағы әндер және мақалалар. / Құраст. Е.Шүкіманов, Т.Сембаев. – Алматы, 2017;
7. **Стамғазиев Р., Әбуғазы М.** Назқоңыр. Оқу құралы. – Алматы: 2017;
8. Сұраған жанға сәлем айт. Өнші, Шәкәрімнің музыкалық мұраларын зерттеуші Келденбай Өлмесекөвтің өмірі, шығармашылығы, орындаған әндері. / Құраст. Т.Ибрагимов. Е.Шүкіманов. – Алматы, 2018. – 396 б.;
9. **Бәбіжан Б.** Меркі өңірінің ән фольклоры. – Алматы, 2018;
10. **Стамғазиев Р.** Домбырамен ән айту мектебі. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: 2018;
11. **Даржанова Ш.** Алатау алабында. Ноталық-музыкалық жинақ. – Алматы, 2018;
12. **Жанпейісов Н.** Саясында алманың. (Д.Рақышевтің әндері). Ноталық-музыкалық жинақ. – Алматы, 2018;
13. **Құттымұратов П.** Ақсұңқар. – Алматы, 2018. – 163 б.;
14. **Құрманғалиев Т.** Тәңіртау әуендері. Ноталық-музыкалық жинақ. – Алматы, 2019. – 130 б.;
15. **Әбуғазы М., Әбуғазы Т.** Ағажай-Алтай. (Алтай-Тарбағатай әндері). Музыкалы-жинақ. – Алматы: 2019;
16. **Қайрулла К.** Бесқала қазақтарының әндері. Ноталық-музыкалық жинақ. – Алматы, 2019. – 72 б.;
17. **Күзеубай А.** Арқаның жыр сарындары. Ноталық-музыкалық жинақ. – Алматы, 2020. – 75 б.

Жырларға байланысты шыққан жинақтар мен оқу құралдары:

1. **Тоқжанов Т.** Сырлы сарын. Музыкалық-этнографиялық жинақ. – Алматы, 2002. – 264 б.;
2. **Тоқжанов Т.** Аталар аманаты. Музыкалық-этнографиялық жинақ. – Алматы: Фейз, 2004. – 202 б.;
3. **Тоқжанов Т.** Даланың даналық дәстүрі. Музыкалық-этнографиялық жинақ. – Алматы: Фейз, 2005. – 204 б.;
4. **Тоқжанов Т.** (А.Алматовпен авторлықта) Көрұғлы. Оқу құралы. – Алматы, Дайк-Пресс, 2008. – 292 б.;
5. **Абдуалиев А., Әбуғазы М.** Жетісу ақындарының жыр сарындары. – Алматы, 2008;
6. **Тоқжанов Т.** Жорға жыршы Рысбек. Музыкалық-этнографиялық жинақ. – Қызылорда: Тұмар, 2015. – 82 б.;
7. **Жаңабергенова Э.** Жыраулық дәстүрді әуентану тұрғысынан зерттеудің әдіс-тәсілдері (оқу әдістемелік құрал). – Алматы, 2015. – 64 б.; Елшібаева А. Қазақтың жыр мақамдары. – Астана: Фолиант, 2016. – 192 б.

Қазақстандық музыкатанушылардың ноталық жинақтары шыққан жылдарына байланысты рет ретімен берілген:

1. Қазақтың 200 әні / құрастырған Т. Бекхожина. – Алматы, 1972. – 229 б.;
2. Казахские народные песни: музыкально-этнографический сборник / составитель: А. Темірбекова. – Алматы: Наука, 1972. – 229 с.;
3. Монғолия қазақтарының халық әндері. – Баян-Өлгий, 1975. – 100 б.;
4. Мақпал: 100 ән / құрастырған М. Төлебаев. Алғы сөзін жазған Н. Кетегенова. – Алматы: Жалын, 1978. – 151 б.;
5. Казахский музыкальный фольклор: музыкально-этнографический сборник/ ответственный редактор Б.Ерзакович. – Алма-ата, 1982. – 264 с.;
6. Қазақ музыкасы. Антология: бес томдық. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2005-2006.; Қазығұрт әуендері / құрастырған Р.Темірбаев. – Алматы, 1991. – 128 б.;
7. Көкшетау әуендері / құрастырған Г.Бәйтенова. – Алматы: Өнер, 1993.–143 б.;
8. Қазақ халқының ғашықтық әндер антологиясы / құрастырған Б.Ерзакович. – Алматы: Ғылым, 1994. – 278 б.;
9. Қазақтың әдет-ғұрып, тұрмыс-салт әндері / құрастырғандар К. Байқадамова, А. Темірбекова. – Алматы: РБК, 2001. – 298 б.
10. **Затаевич А.** 1000 песен казахского народа / под редакцией И. Кожобекова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 496 с.; Затаевич А. 500 казахских песен и кюев / под редакцией И. Кожобекова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 378 с.
11. **Затаевич А.** «500 казахских песен и кюев» (издание академическое, дополненное). – Алматы, 2007. – 1136 с. 159.
12. **Шүкіманов Е.Т.** А.В.Затаевичтің этнографиялық жинақтарындағы әндерді жаңғырту мәселелері // Ғасырлар кеңістігіндегі көне сарындар: А.В. Затаевичтің 150 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2019. – 232 с.
13. **Тоқжанов Т.** А.В. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» еңбегіндегі күйлерді қалпына келтіру тәжірибесі. – Алматы, 2020.
14. **Байханова С.** Музыкалық білім беру жүйесіне ән фольклорын зерделеу (практикалық аспектілер) // Абайдың рухани мұрасы және қазіргі заманғы өнертанудың өзекті мәселелері: Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Алматы, 2020.
15. **Байбек А.** Музыкалық білім беру жүйесінде А.Затаевичтің еңбектерін зерделеу // Ғасырлар кеңістігіндегі көне сарындар: А.В. Затаевичтің 150 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2019. – 232 с.

Авторлар туралы мәлімет:

Байбек Айгүл Қыдырғалиқызы – доцент Казахского Национального Университета Искусств, кандидат искусствоведения.

Байханова Самал Даировна – Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің магистранты, ғылыми жетекшісі: Байбек Айгүл Қыдырғалиқызы.

Сведения об авторах:

Байбек Айгүл Қыдырғалиқызы – Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің доценті, өнертану кандидаты.

Байханова Самал Даировна – магистрант Казахского Национального Университета Искусств, научный руководитель: Байбек Айгүль Кыдырғалиевна.

Information about the authors:

Aigul Kydyrgalievna Baibek– associate Professor of the Kazakh National University of Arts, candidate of art history.

Samal Dairovna Baikhanova– master's student of the Kazakh National University of Arts, scientific supervisor: Baibek Aigul Kydyrgalievna.